



газета издаётся с 26.06.2004 года

ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 13/605

29 марта 2019 года

Вестник

Рухани жаңғыру

Духовное наследие

МЕКТЕПТЕ МҰРАЖАЙ АШЫЛДЫ

2019 жылдың 26 наурызы күні Приозерск қаласының № 2 ЖОББМ-нде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, Өлкетану бағытында «Туған қаланың тарихы» тақырыбында өлкетану мұражайы ашылды.

Мұражайдың ашылу салтанатына қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин, әкім орынбасары Ботагөз Анурақызы Казиева, қалалық мәслихат хатшысы Бекзат Мухсинұлы Сарсембеков, білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Касимова, қаланың

жаңғырығы» бөлімінде «Қала тарихы – ел тарихы», «Ардагерлер – біздің мақтанышымыз», «Қаланың құрметті азаматтары» тақырыптарында ақпараттар орналасқан. Мұражайда қаланың құрылу тарихынан бастап табиғи ерекшеліктерін сипаттайтын жәдігерлер қойылған. Сонымен қатар мұражайдың бір бөлігі мектеп тарихына арналған. Мектеп мұражайының басты мақсаты - мұражайдағы тарихи құжаттар мен жәдігерлер арқылы жас ұрпақты отансүйіштікке, ардагерлерге, еліне және



құрметті азаматы, еңбек ардагері Тамара Львовна Абрамова және басқа да құрметті қонақтар қатысты. Мұражайды ашу құрметі қала әкімі Қайрат Камзинге және құрметті азаматы Тамара Абрамоваға берілді.

Нұрсұлтан Назарбаев бағдарламалық мақалаласында отансүйіштік сезімнің кіндік қаның тамған жеріне, өскен ауылына, қала мен өңіріңе деген сүйіспеншіліктен басталатындығын айтқан болатын.

Мұражай 3 бөлімнен тұрады: «Жылдар жаңғырығы», «Тарихы терең туған қалам», «Туған өлкемнің табиғаты». «Жылдар

жеріне деген құрметке тәрбиелеу.

Мектеп мұражайының құрылуы мен қызмет етуінің мақсаты - коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға, оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларына, балалар шығармашылық қабілеттеріне қолдау көрсетуге, ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты қалыптастыруға және өткен ұрпақтың рухани құндылықтарын құрметтеуге бағытталған. Мұражай тек арнайы оқу бөлмесіне емес, ашық білім беру кеңістігінің оқу орталықтарының біріне айналуы керек.

№2 ЖОББМ

КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ АЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алу – қазіргі заман талабының бір тетігіне айналды.

Бүгінгі күні көрсетілетін мемлекеттік қызметті алмайтын, бұл қызметтермен мүлде кездеспейтін адам жоқ. Себебі адамның дүниеге келуінен бастап туу туралы куәлік алуы, балабақшаның кезегіне тұруы, емханаға тіркелуі, мектепке баруы, оқуға түсуі, жұмысқа орналасу барысында тест тапсыруы, зейнетке шығуына байланысты төлемдерді рәсімдеуі шаралары мемлекеттік көрсетілетін қызметтер болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстанда мемлекеттік қызметтердің 741 түрі көрсетіледі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізімі), оның ішінде «электронды үкімет» порталы арқылы көрсетілетін қызметтер саны жылдан жылға онтайландырылып, құрылған сәтінен бастап 331-ден 454 өскендігін атап өту қажет.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандық-

тардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауындағы талаптарды орындау және «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасындағы көрсеткіштерге жету мақсатында 2018 жылы Департаментпен 1500 жуық түсін-дірме жұмыстары облыстың барлық қала/аудандарының тұрғындарының қамтылуымен жүргізілді. Аталмыш шараның нәтижесі – электрондық нұсқада көрсетілген қызметтер үлесі 6,6% артқандығы. Атап айтқанда, электронды түрде қызметтер саны 2017 жылы көрсетілген 8380720 қызметтердің 72,4% (6 060 374) болса, 2018 жылы 10656109 қызметтердің 79% (8 431 923) құрып отыр.

Мұндай шаралар Департаментпен үнемі жүргізіледі.

Жалпы, халық үшін электронды түрде қызмет алудың тиімділігі көп. Біріншіден, азаматтар мемлекеттік мекемеге бармайды, кезек күтпейді, яғни уақытын үнемдейді, екіншіден, кез-келген уақытта 24 сағат бойы қол жетімді «электронды үкімет» порталы арқылы қажетті анықтамалар алуға, кезектілікті көруге және де өтініш

ОТКРЫТИЕ ШКОЛЬНОГО МУЗЕЯ

26 марта 2019 года в общеобразовательной школе №2 города Приозерск, в рамках программы «Рухани Жаңғыру», состоялось открытие школьного музея на тему: «История нашего города», по направлению Краеведение.



В церемонии открытия музея приняли участие аким города Кайрат Амангельдиевич Камзин, заместитель акима Ботагөз Ануаровна Казиева, секретарь городского маслихата Бекзат Мухсинович Сарсембеков, руководитель отдела образования города Гуля Кенесовна Касимова, почетный гражданин города, ветеран труда Тамара Львовна Абрамова а также почетные гости.

Право торжественно открыть музей было предоставлено акиму города К.Камзину и ветерану труда, почетному гражданину Т.Абрамовой.

В своей программной статье «Рухани жаңғыру» первый Президент Нурсұлтан Назарбаев отметил, что родина начинается с любви к своему дому, селу, городу и родному краю.

Школьный музей состоит из трех разделов: «Эхо лет», «История родного го-

рода», «Флора и фауна родного края». В разделе «Эхо лет» размещены информации об истории создания города, о почетных гражданах. Одна из самых значимых экспозиций музея "Ветераны – наша гордость", рассказывающая о героях Великой Отечественной войны, наших земляках. В разделе «История родного города» посетители смогут увидеть фотографии с изображением зданий и построек города в 60, 70, 80, 90 годах. Отдельную страницу в музее занимает история нашей школы. Так же в нашем музее мы ознакомились флору и фауну родного края в разделе «Природа родного края», где рассказывается об особенностях озера Балхаш, о растительности и о животном мире нашего края.

Целью создания и деятельности школьного музея является всемерное содействие развитию коммуникативных компетенций, навыков исследовательской работы учащихся, поддержке творческих способностей детей, формированию интереса к отечественной культуре и уважительного отношения к нравственным ценностям прошлых поколений. Музей должен стать не просто особым учебным кабинетом школы, но одним из воспитательных центров открытого образовательного пространства.

ОШ №2



Электрондық мемлекеттік қызметтер

беруге мүмкіндік бар.

Мысалы, кең сұранысқа ие 24 мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұялы телефонға «mgov» мобильдік қосымшасын жүктеу арқылы және де, 18 қызметтерді «Telegram» мобильдік қосымшасындағы «EgovKzBot» арқылы алуға болады. Еш мекемеге бармай, қолымыздағы смартфонды пайдалана отырып, қажетті құжаттарды ала аламыз.

Сондай-ақ, аталмыш қосымшалардың тағы бір ерекшелігі - ХҚКО-да кезекті брондау. Қазіргі қарқынды замандағы ең асыл валюта – уақытымызды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Ақпараттық заманның адамзат үшін тиімді тұсы – мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты одан әрі жақындастыруында.

Ал, Сіз көрсетілген мемлекеттік қызметтің сапасын бірден бағалай алатындығыңыз туралы білесіз бе?

Ұялы телефонға «Digital Agent» мобильдік қосымшасын жүктеу арқылы, тіркеуден өтіп, көрсетілген қызметтің сапасына баға беруге болады.

Бұл мобильдік қосымшаның ерекшелігі – мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын шынайы уақыт режимінде бағалау мүмкіндігі және де әр қызмет алушымен

кері байланыс болып табылады.

Әр қойылған баға бойынша Департамент қызметшілері өз құзыреті шегінде әрекет етеді, қысқа уақыт ішінде мәселелі сұрақтарын қарап, шешу жолдарын қарастырады.

Бүгінгі күні аталмыш қосымша арқылы облыс бойынша 2260 адаммен бағалау жүргізілді, олардың 19 мәселелі сұрақтармен жүгінді, Департамент тарапынан баға берген тұлғалармен байланыса отырып, мәселелі сұрақтары 15 минуттан аспайтын мерзім ішінде шешілді.

Жоғарыдағының негізінде, халық мүддесі үшін мемлекет тарапынан жасалған барлық жағдайларды қолдану, оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді мобильдік қосымшалар арқылы және электронды түрде алуға, сонымен қатар, көрсетілген қызметтің сапасын бағалау мақсатында «Digital Agent» мобильдік қосымшасын қолдануға шақырамын.

А.Алыбекова,

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас әсемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаментінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы



САНАНЫҢ ТӨҢКЕРІСІ ҚАЗЖЕТ

Цифрлық Қазақстан

Аталмыш мақалаға «Сананың төңкерісі қажет» атты тақырып алуымның өзіндік себеп-салдар, әрі үлкен психологиялық астар бар. Неге десеніздер, келесі мән-жайларға назар салсақ.

Алдыңмен, Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдауында «Жалпы, 2019 жылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 80 пайызы, ал 2020 жылы кемінде 90 пайызы электронды форматқа көшірілуі тиіс» - деп, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды нұсқаға көшіру қажеттілігіне ерекше назар аударған болатын.

Ендеше, Жолдаудағы межеге жету үшін көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді жаппай электронды нұсқаға көшіру қажет. Бұл жай ғана айтылған сөз емес, бұның артында қарапайым Сізбен Біз секілді қызметалушыларға түсініксіз, күрделі жұмыс процессі.

Мысалы, аймағымыздың жергілікті атқарушы органдарымен 2016 жылы 5 159 648 мемлекеттік қызметтер көрсетілсе, оның 3 567 925 немесе 69 пайызы, 2017 жылы 5 727 504 мемлекеттік қызметтер көрсетілсе, оның 3 594 578 немесе 74 пайызы, 2018 жылы 7 537 378 мемлекеттік қызметтер көрсетілсе, оның 5867919 немесе 78 пайызы электронды нұсқада көрсетілген немесе облыстың тұрғындары яғни қызметалушылары электронды нұсқада қызмет алған.

Бұл орайда, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы

бойынша департаменті (бұдан әрі - Департамент) ұйытқы болып, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қарағанды облысы бойынша филиалының қолдауымен облыстағы жергілікті атқарушы органдар тарапынан жүргізілген біршама қарқынды жұмыстардың нәтижесінде 2016 жылмен салыстырғанда, соңғы үш жылда электронды нұсқада берілген мемлекеттік қызметтердің үлесі 69 пайыздан 78 пайызға, яғни 9 пайызға артып отыр. Әрине көңілге қонымды нәтиже.

Алайда, әлі де болса аймақ тұрғындары мемлекеттік қызметтерді қағаз түрінде немесе Халыққа қызмет көрсету орталықтарына бару арқылы алуды үйреншікті әдетке айналдыруда.

Департаментпен соңғы үш жылда ауыз толтырып айтарлықтай, аймақ тұрғындарын көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді электронды нұсқада алуға бағытталған үгіт-насихат, үйрету, оқыту және тағысын тағы іс-шаралар ұйымдастырылды. Әліде болса, сол шаралар тұрақты түрде өз жалғасын осы жылыда тауып келеді.

Анықтама үшін: Ағымдағы жылдың 7 ақпанында облыс орталығындағы «Достық үйінде» белсенді ұзақ өмір сүруге бағытталған республикадағы алғашқы орталық ашылды. Жаңа орталықта мәдени-рухани клубтар, қазақ, ағылшын тілдерін оқыту сабақтары, кітапхана, компьютерлік сыныптар жұмыс істейді. Зейнеткерлердің денсаулығын нығайту мақсатында фитнес залы да бар. Мұнда қазыналы қариялар кез келген уақытта бас

қосып, уақыттарын тиімді өткізе алады.

Департаменттің тікелей ұйымдастыруымен әрі «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қарағанды облысы бойынша филиалының қолдауымен соңғысының қызметкерлері тарапынан 26.02.2018 ж. бастап бір айдың көлемінде, аптасына екі мәрте (сейсенбі, бейсенбі күндері) аймақтағы зейнеткерлерді мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды форматта «электронды үкіметтің» веб-порталы арқылы алуға үйретуде.

Осылайша, еңбегінің зейнетін көріп отырған зейнеткерлер қоғамда болып жатқан өзгерістермен жаңа бастамалардан құр қол қалмай, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының дамуына да өз үлестерін қосуда.

Дей тұра, келесі бір мысалға тоқталуды жөн санаймын. Дұрыс па әлде бұрыс па? Оған оқырмандар өздеріңіз тиісті бағасын бере жатарсыздар. Мысалы, елу жасты ең-серген кейбір қызметалушылармен тікелей жүздескенде, олардың айтатыны.

«Үйімде интернет желісіне қосылған компьютерім бар, қысқасы электронды форматта мемлекеттік қызметті, әр түрлі анықтамаларды үйден алуға толық мүмкіндігім бар, алуды да білем, алып та жүрмін» - дейді. Бірақ, сол анықтаманы Халыққа қызмет көрсету орталықтарынан немесе мемлекеттік мекемеге барып алсам, сол жерден алынған анықтама заңдырақ деп санайды.

Сондықтан болар, Бізге әуел бастан

сананың түбегейлі төңкерісі керек ау шамасы. Елбасының Жолдауымен көзделген межеге жету үшін, осы мақаланы оқып отырған әр оқырман қауым, өзгерістерді өзімізден бастасақ, сананың төңкерісі дегеніміз осы емес па?

Егерде, мемлекеттік қызметтерді электронды форматта яғни үйде, жұмыста отырып «электронды үкіметтің» веб-порталы арқылы алатын болсақ, алтын уақытымызбен қоса қаражатымызды да үнемдер едік. Ол өз өзімен былай тұрсын, ең бастысы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін де түбегейлі жоймасақта, жоюға бағытталған бір қадам болар еді.

Шамасы Бізге мінез керек. Олай дейтінім, француздың әйгілі әртісі Ален Делоннан біреу «Сіздің мінезіңіз шатақ адам екенсіз дегенде, - Ол, ең бастысы сол мінез менде барғой деген» - екен.

Сондай-ақ, Әлихан Бөкейхан өз заманында, келмеске кеткен кеңес дәуірінің сермеген қылышынан қан тамған саясатымен күрес жүріп, халқына қызмет қылу-дан жалыққан емес. Керісінше, «Халқына қызмет көрсету – білімнен емес мінезден» - деп, сонынан ергендерге жол сілтеді, қол бұлғады.

Ендеше, Біздің міндет – халыққа қызмет болса, Сіздердікі, құрметті оқырман - «электронды үкіметтің» веб-порталы арқылы мемлекеттік қызмет алу.

Ж. Ш. СӘРСЕНОВ,
Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы

ПОЛУЧЕНИЕ РАЗРЕШИТЕЛЬНЫХ ДОКУМЕНТОВ ПРИ СТРОИТЕЛЬСТВЕ ОБЪЕКТОВ

Важно знать!

ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск» сообщает, что в соответствии с Правилами организации застройки и прохождения разрешительных процедур в сфере строительства все владельцы земельных участков обязаны получить разрешительные документы согласно стандарту государственных услуг через НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» (ЦОН).

Реализация проектов по строительству осуществляется на основании соответствующего права на земельный участок и следующими этапами:

- 1)получение исходных материалов для разработки проектов строительства (АПЗ);
- 2)разработка и согласование эскиза (эскизного проекта);
- 3)разработка проектно-сметной доку-

ментации (ПСД) и проведение комплексной вневедомственной экспертизы проектов строительства;

4)уведомление органов, осуществляющих государственный архитектурно-строительный контроль и надзор о начале производства строительно-монтажных работ, осуществление строительно-монтажных работ;

5)приемка и ввод в эксплуатацию построенного объекта.

При строительстве индивидуального жилого дома не выше 2-х этажей и временных строений (хозяйственно-бытовых помещений), располагаемых на собственных приусадебных участках, ПСД и экспертиза проектов строительства не требуется.

Самовольное строительство объектов различного назначения и эксплуатация объектов и комплексов, не введенных в

установленном порядке в эксплуатацию не допускается и влекут к административной ответственности.

Статья 314

Строительство (реконструкция, реставрация, расширение, техническое перевооружение, модернизация, капитальный ремонт) объектов и их комплексов без проектной (проектно-сметной) документации либо по проектной (проектно-сметной) документации, не прошедшей в установленном порядке экспертизу, по которой требуется ее проведение,

– влечет штраф на физических лиц в размере ста двадцати, на должностных лиц – в размере ста шестидесяти, на субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации – в размере двухсот, на субъектов среднего предпринимательства – в размере трехсот восьмидесяти, на субъектов крупного

предпринимательства – в размере пяти-сот восьмидесяти месячных расчетных показателей.

Статья 323.

–Эксплуатация (проживание, оказание услуг, производство продукции с целью получения доходов) законченных строительством, но не введенных в установленном порядке в эксплуатацию объектов, комплексов или их отдельных частей - влечет штраф на физических лиц в размере десяти, на должностных лиц, субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации - в размере тридцати, на субъектов среднего предпринимательства - в размере пятидесяти, на субъектов крупного предпринимательства - в размере ста месячных расчетных показателей.

По всем вопросам обращаться по адресу: ул. Балхашская, д.5, каб 28, тел. 5-40-13.

ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

Қазақстан Республикасы Президентінің 10.10.2018 жылғы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес Мемлекет басшысы нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмайтын және жер заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын жер учаскелерін мемлекеттік меншікке қайтару тапсырылды.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 92, 94-баптарына сәйкес жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою жер учаскесінің орналасқан жері бойынша жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың талап-арызы бойынша сот тәртібімен жүргізіледі.

Сондай-ақ, анықталған жер учаскелері иелерінің деректері жосықсыз жер пайдаланушылар тізіліміне енгізіледі.

"Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі "ММ-де нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмайтын және жер заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жер учаскелерінің тізімі бар.

Барлық сұрақтар бойынша мына мекен-жайға хабарласуға болады: Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5 үй, каб. 301, 303, тел. 5-32-48, 5-45-16.

Согласно послания Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 10.10.2018 года, главой государства поручено возратить в государственную собственность не используемые по целевому назначению и используемые с нарушением земельного законодательства земельные участки.

В связи с этим, согласно ст. 92, 94 Земельного кодекса Республики Казахстан, принудительное изъятие земельных участков у собственников земельных участков и землепользователей производится в судебном порядке по иску органов, осуществляющих государственный контроль за использованием и охраной земель, по месту нахождения земельного участка.

Также данные владельцев выявленных земельных участков будут внесены в реестр недобросовестных землепользователей.

Список земельных участков не используемых по целевому назначению и используемых с нарушением земельного законодательства имеется в ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск».

По всем вопросам обращаться по адресу: г. Приозерск, ул. Балхашская, д. 5, каб. 301, 303, тел. 5-32-48, 5-45-16.

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы №250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсы өткізіледі.

Конкурсты дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті 2019 жылдың «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсын жариялайды.

Конкурс 3 кезеңде өтеді: бірінші кезең – аудандық (қалалық), екінші кезең – облыстық, үшінші кезең – ұлттық.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне көрсетілген мекенжай бойынша 2019 жылғы сәуірдің 1-нен 30-на дейін қабылданады: Пушкин к.9/2, қалалық пошта гимараты, 2 қабат. Тел: 5-30-82, 5-39-92; e-mail: prio_ovp@krg.gov.kz.

О ПРОВЕДЕНИИ НАЦИОНАЛЬНОГО КОНКУРСА «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

В соответствии с Распоряжением Президента Республики Казахстан №250 от 6 декабря 2013 года в Казахстане ежегодно проводится Национальный конкурс «Мерейлі отбасы».

Оргкомитет по подготовке и проведению конкурса объявляет Национальный конкурс «Мерейлі отбасы» 2019 года.

Конкурс проводится в 3 этапа: первый этап – районный (городской), второй этап – областной, третий этап – национальный.


Заявки на участие принимаются с 1 по 30 апреля 2019 года в отделе внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск, по адресу ул.Пушкина 9/2, 2 этаж, здание КАЗпочты города. Тел: 5-30-82, 5-39-92; e-mail: prio_ovp@krg.gov.kz.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЛІББИ

Болашаққа нақты қадам

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. Және «2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. Бұл еліміз үшін үлкен тарихи қадам болды.



Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың жоғарыда аталған мақаласын яғни қазақ жазуын латын графикасына көшіру мәселе-лесін кенінен түсіндіру, насихаттау мақсатында Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебінде арнайы іс шара жоспары құрылып, орындалуда. Атап айтқанда 10-сыныптар арасында «Латын әліпбиі: білім әлемдік,

тәрбие ұлттық», «Ұлы даланың Рухани жаңғыру» тақы-рыбында дөңгелек үстел, «Латын қарпі: жүйелі іс пен жауапкершілік» тақырыбында пікір-алмасу және т.б. іс шаралар өтуде.

Аталған іс шаралардың білім алып жатқан жас ұрпақтарымыз латын әріпте-рімен жазу арқылы оқу-білім және ғылым жолындағы ізденістеріне, әлемнің қай жерінде жүрсе де кедергі келтірмей, жұмысын жеңілдетуге түсеуіне ықпал ететініне сенімдімін. Ендеше, латын әліпбиінің болашағы да зор.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу - ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалд-

асуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық сана-мыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін.



С. Э.Тулчинова, Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ГЕНДЕРНОСТЬ ИЛИ РАВЕНСТВО ПРАВ ПРОТИВОПОЛОЖНЫХ ПОЛОВ

Республика Казахстан 29 июля 1998 года присоединилась к международной Конвенции ООН «О ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин», Казахстаном были ратифицированы Конвенции ООН «О политических правах женщин», «О гражданстве замужней женщины», также были приняты и подписаны другие международные пакты о гражданских и политических, экономических, социальных и культурных правах женщин, ряд актов Международной организации труда, касающихся прав женщин и детей, в которых расширение прав и возможностей женщин определены в качестве основных целей развития

человечества в третьем тысячелетии. Женщины Казахстана занимают активную общественную позицию в жизнедеятельности своей страны, они отличаются своими восточными традициями гостеприимства, стремлением сохранить семью, уют и благополучие в доме. Это не мешает им в принятии участия в разрешении социальных проблем страны и в обществе. Деловой образ женщины в последнее время укоренился в обществе и во времени, женщины на равных с мужчинами, трудятся во всех сферах жизнедеятельности нашего государства, но все же в политике их число минимально в сравнении с числом мужчин.

Равноправное социальное общество

Прекрасная половина нашего общества работает в государственных структурах, даже возглавляет некоторые ведомства.

Вроде бы в Казахстане Гендерная политика развивается. Но вместе с тем, неравенство полов в управлении государством, как проблема все же существует.

Женщины Казахстана, занимают ответственные посты на нижнем и среднем уровне бизнеса или государственной службе, и там они проявляют себя грамотными профессионалами и работниками. Однако женщины к власти и политике привлекаются в единичном случае.

Несмотря на международное признание заслуг Казахстана в разрешении гендерного равенства полов, сложившаяся на сегодня ситуация свидетельствует о том, что равенство полов еще не достигнуто, и

это мешает созданию справедливого равноправного социального общества, что приводит к недовольству женщин, уровень образования которых не гарантирует им перспективного, карьерного роста. В связи с тем, что гендерность полов в демократическом государстве, каковым является Казахстан, предполагает равные права женщин с мужчинами на участие в общественно-политической жизни страны, то обществу Казахстана необходимо изменить свой взгляд на права женщин, которые реализуются не в полной мере.

Э.Ж. Ахметова, судья Приозерского городского суда

КӨШЕТТІК ЖӘНЕ ТҰҚЫМДЫҚ МАТЕРИАЛДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Қазақстан Республикасының «Өсімдіктер карантині туралы» №344-І Заңының 12-бабына сәйкес мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің бірі себу мен отырғызылатын материалдары болып табылады. Сондықтан, карантиндік объектілердің Қазақстан Республикасының аумағына енуін, таралуын болдырмау, өсімдік және азық-түлік ресурстарын қорғау, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында, қала аумағына әкелінетін барлық себілетін және отырғызылатын материалдар келесі фитосанитариялық талаптарға сай болуы қажет:

1.Отырғызу немесе тұқымдық материалдарда:

1)экспорттаушы елдердің ұлттық карантиндік қызметтерінің фитосанитарлық сертификаты;

2)өнімнің атауы, шыққан елі, экспорттаушы және кері экспорттаушы, өндірілген орны және учаскесі туралы ақпараты бар таңбасы;

3)өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау рәсімі аяқталғанға дейін бастапқы орамасы болуы тиіс.

2.Зертханалық сараптама нәтижелерін алғанға дейін отырғызу немесе тұқымдық материалды пайдалануға тыйым салынады. Зертханалық сараптама аяқталғанға дейін отырғызу немесе тұқымдық материал

карантиндік объектілердің таралуын болдырмайтын жағдайларда ұсталуы тиіс.

3.Олардың иелерінің өтініштері бойынша ерекше ғылыми немесе басқа да құндылықтары бар үлгілерді қоспағанда, зертханалық сараптамадан өткен үлгілер өнімнің иесіне немесе оның өкіліне қайтарылмайды.

4.Тұқымдық картоп партиялары жаңа ыдыста оралған болуы тиіс.

5.Құмырадағы өсімдіктердің отырғызу материалдары және тамыр жүйесі жабық өсімдіктер Қазақстан Республикасының аумағына карантиндік объектілерден бос коректік субстратта әкелінуі тиіс.

6.Тамыр айналасында топырақ бар өсімдіктерді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге тыйым салынады.

7.Әкелінетін өсімдік, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің (бүлдіргеннен басқа) отырғызу материалы қалыпты жай-күйде, жапырақсыз, гүлсіз және жеміссіз болуы тиіс.

8.Карантиндік объектілер анықталған отырғызу немесе тұқымдық материал партиялары иесінің қалауы бойынша залалсыздандырылуға немесе жойылуға, ал иесі бас тартқан немесе оларды жүргізу мүмкін болмаған жағдайда – қайтарылуға жатады. Бұл ретте тек партияның залалданған бөлігі залалсыздандырылуы, қайтарылуы немесе жойылуы тиіс.

Карантиндік объектілермен залалданған,

ерекше ғылыми немесе өзге де құндылығы бар отырғызу немесе тұқымдық материалы иесінің өтініші бойынша интродукциялық-карантиндік питомникке зерттеуге берілуі мүмкін. Карантиндік объектілермен залалдануы ықпалданған кейін отырғызу немесе тұқымдық материал иесіне қайтарылады.

9.Тұқымдық картоп Карантиндік объектілер тізбесіне енгізілген саңырауқұлақты, бактериялық, фитоплазмалық, вирустық және жұмырқұртты ауруларды қоздырғыштардан бос аймақтарда, орындарда және учаскелерде өндірілген болуы тиіс, ол фитосанитариялық сертификаттың «Қосымша декларация» деген бөлімінде тиісті ақпаратпен расталуы тиіс.

10.Шекілдеуікті, сүйекті және жаңғақ жемісті дақылдардың қошеттері, телітушілері және қалемшелері Карантиндік объектілер тізбесіне енгізілген өсімдік зиянкестерінен, саңырауқұлақтық, бактериялық, фитоплазмалық, вирустық және жұмырқұртты аурулар қоздырғыштарынан бос болуы және олардан бос аймақтарда, орындарда және учаскелерде өсірілген болуы тиіс, ол фитосанитариялық сертификаттың «Қосымша декларация» деген бөлімінде тиісті ақпаратпен расталуы тиіс.

11.Импорттық отырғызу немесе тұқымдық материалмен жүргізілген егістер (отырғызулар) жыл сайын тексерілуі тиіс. Бұл жұмыстарды орындауды өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың

Тұрғындар назарына

нұсқамалары бойынша жеке және заңды тұлғалар қамтамасыз етеді.

12.Отырғызу немесе тұқымдық материалдарды тасымалдау төгілуді болдырмау шараларын қамтамасыз ете отырып, орамада жүзеге асырылады. Бұл ретте бір орамада әртүрлі отырғызу немесе тұқымдық материалдардың болуына жол берілмейді.

